Бұл әртүрлі өсімдік органдарының тұзға төзімділік мөлшерін анықтайды. Тұздардың жоғары концентрациясының қарсы әсері ең алдымен өсімдік тамыр жүйелерінде байқалады. Сонымен бірге тамырдың ішкі клеткалары бұзылады, яғни тұз ертіндісімен әрекетесетін клеткалар. Тамыр жүйелерінің ерекше қарашіріктік терең тұздануы олардың жер бетіне таралуына байланысты. Ортадғы NaCl концентрациясының күрт көтерілуі тамыр жүйесіне иондардың өтуін бірден жоғарлатады. Өсімдік тамырлар тұз өте көп жинақталғанда тургорын жоғарлатады, өледі және ылғалданып күңгірт түске ие болады. Мәдени өсімдіктердің тұзды топырақта өсуінің әсерінен вегитативті органдарының микроскопиялық құрлысы анық өзгереді. Чухолёв пен Беловолов жүргізген зерттеулер тұзды топырақта өскен жүгері тамырының диаметрі 1,2 есе азаятындығын көрсетті. Тәжірибелік өсімдік тамырымен салыстырғанда экзодерма және мезодерма клеткаларының біріншілік қабаты ұқсас клеткалы болады. Соған қарамастан біріншілік қабаттың клеткаларының саны өзгереді, ал диаметрінің кішіреюі ұсақ клеткалыққа байланысты. Орталық цилиндрінің құрамы айқын өзгерістерге ұшырайды. Диаметрінің өзгеруіне негізделген, ксилема сәулелерінің саны азаяды. Құрғақшылықта өсірілген тәжірибелік өсімдіктердің сору аймақтарында түктер санының екі есе көбеюі байқалды. Топырақтың тұздану факторы жапырақтың плазмасын 1,4 есе кішірейтеді. Өсімдік мезофилінің клеткаларын сырттан қарағанда, онда хлоропластардың санының көбейетіндігін көруге болады, сонымен бірге моторлы клетканың үлкен көлемі белгіленді, олар жапырақ құрлысын ксерофиттілік жаққа ауыстырады. Клетканың көлемі 2,3 есе кішірейеді. Өсімдіктердің клеткалар орналасқан аймағында, яғни тұзды стрестен кейін, фотосинтез процесі төмендейді. Тұздану устьица аппаратының бұзылуына алып келеді. Устьицалардың көлемі кішірейеді, ал олардың бірлік көлемдегі саны артады. Келтірілген материалдар тұздың әсерінен жүгерінің тамыр жүйесінде су режимі бұзылып, ассимиляциялық беттің ксерофиттік жаққа өзгеруін және фотосинтездің қарқындылығы төмендейтіндігін көрсетеді. Тұздалу жағдайында субстраттық тұздалуы қаншалықты жоғары болса, өсімдіктердің өсімінің соншалықты төмен болатындығы ғылыми әдебиеттерде көптеп айтылып жүрген факт. Бұл тұздалу жағдайында өсу процесінің барлық параметрлері – өсімдіктің биіктігі, бөлек мүшелерінің өлшемі, олардың салмағы және т.б. өлшемдерінің түсімінің анық көрінісі. Сонымен қатар Т.В. Удевенко мен оның әріптестерінің зерттеулерінде бірдей тұз жетіспеушілік жағдайында өсу процесінің тежелу қарқыны әр түрлі мәдениеттер мен олардың сорттарының тұзға шыдамдылық дәрежесімен анық кері коррекциясы болатындығы байқалды. Фотосинтез жағынан өсу функциясының професиялық және энергетикалық қамтамасыздандыруы өсімдіктік дамуы мен өсуінің шарттары болып табылады. Жердің бетінде 1/15 бөлігі тұзды жерлер болып саналады. Егер неорганикалық иондардың өлшемі 0,2% аспаса, ондай жерлерді тұзсыз деп санайды. 0,2 - 0,4 % — аз тұзды; 0,4-0,7% — орташа тұзды, 0,7-1,0% — қатты-күшті тұзды жерлер деп аталады. Неорганикалық иондардың мөлшері 1,0%-тен көп болса, оларды солончактар деп атайды. Тұзды топырақта әдетте катиондардан Na көп болады, бірақ Mg^{2+} мен Ca^{2+} -да көп жерлер болады. Аниондардың ішінде Cl және SO_4 көп болады, бірақ карбонаттар да көп болады. Тұзды жерде өсетін және тұздың жоғары концентрациясына үйренген өсімдіктерді галофиттар (от греч. galos — тұз, phyton — өсімдік), деп аталады. Тұздық жерде өспейтін өсімдіктерді гликофиттер (греч. glycos — тәтті, phyton — өсімдік) деп атайды. Ауыл-шаруашылық өсімдіктер көпшілігінде гликофиттерге жатады. Тұздың мөлшері көбейгенде егістің өнімі төмендейді. Галофиттер қатты тұзды жерлерде өсе алады. Әдеттегі галофиттерге Chenopodiaceae

тұқымдасы, *Salicornia europaea*, *Kochia prostrata*, *Petrosimonia triandra* және т.б. жатады. Тұздың көп мөлшері олардың өсуін ынталандырады.

Тұзды жерлерде гликофиттерде судың және иондардың гомеостазы клетка және өсімдік деңгейінде бұзылады. Ол токсикалық әсер береді, биополимерлерді зақымдайды, өсуін баяулатады.

Қазақстан Республикасының ауыл шарушылығын және өндірістік қауіпсіздігін стратегиялық дамыту үшін, пайдалы, ауылшаруашылық-бағалы, өсірілетін ауданға бейімделген, жоғары өнімді, тұзға төзімділігі жоғары отандық сорттарды шығару аса маңызды. Елімізде негізгі күріш өсіретін аймақ Қызылорда облысы, ал осы облыста өсірілетін күріш сорттарының тұзға төзімді болуы маңызды критерий болып табылады. Зерттеу нәтижелері төменде келтірілген 4-кестеде биомассаның жинақталуы бойынша азаю ретімен көрсетілген.

Кесте 1

Тұзды ортада жалпы биомассаның жинақталу көрсеткіштері

Зерттеу материалдары	Он өскіннің орташа биомассасы, г
Анаит	0,0686±0,0050
Лиман	0,0646±0,0045
Дарий 23	0,0627±0,0032
Курчанка	0,0608±0,0026
Фишт	0,0567±0,0034
Маржан	0,0557±0,0015
ПакЛи	0,0540±0,0032
Регул	0,0529±0,0029
ВНИИР 10178	0,0516±0,0023
Бақанас	0,0514±0,0024
Мадина	0,0512±0,0022
Ару	0,0512±0,0032
ВНИИР 10173	0,0509±0,0023
Соната	0,0509±0,0041
Новатор	0,0500±0,0039
Кубань	0,0500±0,0026
Славянец	0,0497±0,0031
Баракат	0,0492±0,0036
КазНИИР 5	0,0484±0,0033
62-09	0,0482±0,0025
Лидер	0,0474±0,0034
Акдала	0,0464±0,0041
Опытное	0,0449±0,0026
Янтарь	0,0448±0,0028
Виолетта	0,0443±0,0038
Атлант	0,0439±0,0034
Виола	0,0418±0,0038
Чапсари	0,0372±0,0045

Осыған орай, зерттеу жұмысында Ресей, Өзбекстан және еліміздің коллекциясында бар күріш сорттарына тұзға төзімділігі бойынша скрининг жүргізілді. Зерттеу нәтижелерінен хлоридті тұздану жағдайында жалпы биомассаның жинақталуы бойынша Анаит, Лиман, Дарий 23, Курчанка ең жоғары көрсеткіштермен сипатталғаны


анықталды.

Орташа көрсеткіштермен: Фишт, Маржан, Пак Ли, Регул, ВНИИР 10178, Бақанас, Мадина, Ару, ВНИИР 10173, Соната, Новатор, Кубань,Славянец, Баракат сорттары сипатталды. Зерттеуге алынған келесі сорттардың тұзға төзімділігі төмен болды: КазНИИР 5, 62-09, Лидер, Ақдала, Опытное, Янтарь, Виолетта, Атлант, Виола, Чапсари.



Сурет 1

Зертханалық жағдайда өсірілген тұзды ортадағы Анаит және Курчанка сорттарының өскіндері



Сурет 2

Зертханалық жағдайда өсірілген тұзды ортадағы Баканас, Кубань3 және Мадина сорттарының өскіндері




Сурет 3

Зертханалық жағдайда өсірілген тұзды ортадағы Новаторжәне Янтарь сорттарының өскіндері

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелерден зерттеуге алынған материалдарды тұзға төзімділігі бойынша үш топқа бөлуге болады:


- 1) тұзға төзімділігі жоғары;
- 2) тұзға төзімділігі орташа;
- 3) тұзға төзімділігі төмен.

Тұзды ортада биомассаның жинақтару параметрлері ,ойынша кластерлік талдау “*Past*” бағдарламасы көмегімен жүргізілді.



Сурет 4

Тұзға төзімділігі төмен күріш сорттарын зертханалық жағдайдағы өсуі



Кластерлік талдау жұмыстары тұзға төзімділігі бойынша зерттеу материалдарын екі топқа жіктеді. Тұзға төзімділігі жоғары топтарға Анаит, Лиман, Дарий 23 және Курчанка сорттары кірді. Қалған зерттеу материалдары екінші топқа жатқызылды. Екінші топ екі субкластерге жіктелді. Төзімділігі орташа материалдар екінші топтың бірінші субкластеріне (Фишт, Маржан, ПакЛи, Регул, ВНИИР 10178, Бақанас, Мадина, Ару, ВНИИР 10173, Соната, Новатор, Кубань, Славянец, Баракат) жіктелді, ал төзімділігі төмен сорттар екінші субкластерге жіктелді (КазНИИР 5, 62-09, Лидер, Акдала, Опытное, Янтарь, Виолетта, Атлант, Виола, Чапсари). Алынған нәтижелерді қорыта айтқанда, тұзды стресс жағдайында биомассаның жинақталуы бойынша жоғары көрсеткіштермен сипатталған Анаит, Лиман, Дарий, Курчанка сорттарын тұзға төзімділігі жоғары отандық жана сорттарды шығаруда күріш селекциясында кеңінен қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гринин А.Л. Устойчивость растений горчицы к засолению и возможная роль пролина // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата биологических наук. Москва – 2010.- С.3.
2. Delauney A.J. Verma DPS // Proline biosynthesis and osmoregulation in plants. Plant Jour. 1993. №4. P. 215-223.
3. Епринцев А.Т., Солодилова О.С., Хожайнова Г.Н.. Роль свободных аминокислот в адаптивной реакции кукурузы в условиях солевого стресса // Вестник ВГУ. Серия. Химия. Биология. Фармация. 2003. №2. С. 132-135.
4. Шевякова Н. И. Метаболизм и физиологическая роль пролина в растениях при водном и солевом стрессе.//Физиология растений, - 1983., Т. 30. Вып. 4, - с. 768-781.
5. Частик «Экология» Учебник-пособие 139 стр;
6. Акимов Т.А. Хаскин В.В. «Экология» оқулық құрал, 2005ж. 302бет;

7. Саданов А.К. «Практикум по экологии и охран окружающей среды», 2007г., 105 стр;
8. «Экологиялық жаршы» газеті-4сәуір 2010ж 2 бет;
9. Жатқамбаев Ж.Ж. «Экология негіздері» 1998ж. 136-145 беттер;
10. Асқарова «Экология және қоршаған ортаны қорғау» Алматы-289 бет;



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЭКОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTY МӘСЕЛЕЛЕРІ

биология ғылымдарының доктор, профессор -Жайлыбай К.Н.

а/ш.э.к.қауымдастырылған профессор м.а. -Медеуова Ғ.Ж.

Phd доктор -Қалиева А. .

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

Алматы қ.

Қазақстан

E-mail: Vakobb @ mail.ru

Аннотация: Іле Алатауы қойнауында орналасқан Алматы қаласы ұлттық нышандарды сақтап, жаңа сәулетті ғимараттармен қызықтырады. Алматы маңында 90 мың гектар жерді алып жатқан ғажайып табиғат қорығы бар.

Сонымен бірге "Медеу" мұз алаңы барша әлемге әйгілі. 1972 жылы құрылған ол 1691,2 м.биіктікте орналасқан.Мұз алаңы (10,5 мың кв.м.)онда конькимен жылдам жүгіру,доп хоккейі сияқты өзге де мұз бетінде ойналатын спорт түрлерінің дамуына қосқан үлесі зор."Медеу"-де 120-дан астам коньки тебу спортының рекордтары орнатылған. Алматы маңындағы Шымбұлақ альпинистерді, туристерді, тау шаңғышыларын қызықтырады. Жылдам төмен түсу жолының ұзындығы 3500 м.Техникалық жабдықталу жағынан Шымбұлақ Еуропадағы ең керемет тау айлақтарынан кем емес,ал сырғанау мүмкіндігі жағынан олардан асып та түседі.

Жалпы Алматы қаласы географиялық тұрғыдан алып қарағанда бірқатар экологиялық қолайлы орын тепкен. Бұл қаладағы жүздеген мың машинаның қала әуе аймағын улы түтінмен ластауға мүмкіндік туғызып отыр. Бұл қалада өкпе ауруларының өршуінің негізгі факторы болып табылады. Қалада әсіресі желсіз күндері демалу қиын, мұндай қиыншылықтармен күресу қазір қала билігінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Алматы ауасын ластаушы негізгі көздердердің бірі- машиналар. Алматы қаласында 570 мың автокөлік тіркелген, ал қалаға күніне 170 мың автокөлік келіп кетеді. Солардың ішінде орташа есеппен 10500 машина тәулік бойы қозғалыста болады және олардың двигателі 5250 сағат бойы жұмыс істеп тұрады. Осы кезеңде 13125 литр жанармай жағылып, оған 39375 литр оттегі жұмсалынады (жағылады), ал бұл оттегімен 882-885 адам жыл бойы тыныс алар еді. Жетілген бір емен ағашының фотосинтезі процесінде жыл бойы шығарылған оттегімен 40-45 адам, ал аршаның шығарған оттегімен 20-25 адам тыныс алады. Сонымен бірге, емен ағашы 30-40 тонна, ал арша ағашы- 15-20 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады. Сондықтан аталған ағаштарды Алматы қаласында көптеп өсіру керек, оларды үйде, балконда, офистерде, университеттер және мектептер аудиторияларда өсіруге болады.

Кілттік сөздер: *гектар, хоккей, коньки, спорт,рекорд, альпинистерді, турист, техника, география, фактор, литр , двигатель, фотосинтез, балкон, офистер, университет, аудитория, биосфера, атмосфера , гидросфера , климат, транспорт, интенсивтендіру, эффект ,метан, күкірт, азот оксидтері , газ, завод, электростанция, трубалар, факт, мегаполис,смог, бассейн, микробтар, акация,спора.*

IMPROVEMENT OF ECOLOGICAL PROBLEMS IN ALMATY

Doctor of Biological Sciences, Professor - Zhanylbai K.N.
Candidate of Philology, Associate Professor - Medeeva G.Zh.
PhD doctor - Kaliyeva A.
Kazakh State Women's Teacher Training University.
E-mail: Bakobb@mail.ru

Annotation. Located in the Zailiysky Alatau Reservoir, Almaty is interested in national symbols and attracts with new architectural buildings. There are magnificent nature reserves which takes 90 thousand hectares.

Meanwhile, Medeo Ice Arena is known all over the world. The region was established in 1972 and located in an altitude of 1691.2 meters. In the Ice arena (10.5 thousand square meter), there are different types of sports such as skating, ice hockey, and others made a great contributions to the development of sports in the "Medeo". More than 120 skateboarding records were created.

Chimbulak near Almaty attracted tourists, mountaineers, skiers. The length of down road line is 3500 m. Technical equipments of Shymbulak is not bad than the best ports in Europe.

In general, Almaty has a number of ecologically favorable geographical places. This allows thousands of cars in the city to pollute the airspace of the city with toxic smoke. This is an important factor in the development of lung diseases in the city. It is difficult to rest in the city without windy days, and the fight against such difficulties is now one of the main tasks of the city authorities.

One of the main sources of air pollution in Almaty are cars. About 570 thousand cars were registered in Almaty, and 170 thousand cars come to the city every day, among them, an average of 10,500 vehicles operates 24 hours a day, and their engine runs for 5250 hours. During this period, 13,125 liters of fuel were burned and among them 39,375 liters of oxygen, which people would breathe about 882-885 years with oxygen. In the process of photosynthesis of mature oak 40-45 people with oxygen can breathe during the year, and 20-25 people with respiratory oxygen. At the same time, the oak will disinfect 30-40 tons, and juniper - 15-20 tons of dust. Therefore, these trees need to be grown in Almaty, where they can be grown in classrooms, at home, on the balcony, in offices, universities and schools.

Keywords: hectare, hockey, ice skating, sport, recordings, climbers, tourists, technology, geography, liter, engine, factor, photosynthesis, balcony, offices, universities, auditorium, biosphere, atmosphere, hydrosphere, climate, transport, intensification, in strength, methane, sulfur, nitrogen oxides, gas, factories, power plants, pipes, fact, megalopolis, smog, swimming pool, microbes, acacia, spores.

Қоршаған ортаның кейінгі кезеңдердегі ең күшті өзгерістерінің бірі-биосфераның әлемдік жылынуы, яғни атмосфераның және гидросфераның біртіндеп, бірақ үздіксіз жылынуы. Бұл ғылымда және қоғамдық пікірде дәлелденген факт. БҰҰ мамандарының мәліметі және біздің пікіріміз бойынша, климаттың әлемдік жылынуының негізгі себептері:

Біріншіден- бұл адамзаттың тіршілік әрекеті нәтижесі. Адам баласы өндірісті, техниканы, транспортты зор қарқынмен дамытты, ауыл шаруашылығы интенсификацияландырылды. Нәтижесінде атмосфераға “жылыжай эффекті” беретін CO₂, улы СО газдары, метан, күкірт пен азот оксидтері және басқада зиянды газдар заводтар мен жылу электростанциялары трубаларынан, автокөліктерден орасан көп мөлшерде шығарылуда. Мысалы, 1960-1990 жылдары

ішінде ауаға шығарылған CO₂ және басқа газдар мөлшері 13%-ға артқан, 1991-2015 жылдары бұл процесс 2-4 есеге күшейген. Бұл биосфераның әлемдік жылынуын күшейте түсуде және де ауаны ластауда. Ал, ластанған ауа планетамызда жылына 7 млн. адамның өліміне себепкер болуда, ал жануарлар мен жәндіктерге, өсімдіктерге тигізген зиянды әсері жөнінде мәліметтер жоқ. Қыс айларында (2015 ж. желтоқсан), үлкен мегаполис қалаларда, мысалы Римде, Миланда улы тұман (*смог*) байқалды, ал Пекинде Қытайдың солтүстігінде ауаның ластануы қалыпты деңгейден 10-20 есе жоғары болды, улы тұманның ұзақ сақталуына сәйкес ауаның ластануының «сары, қызғылт деңгейі» жарияланды. Қыс айларында Алматы қаласының ауа бассейнінде де түтінді тұман жиі болады.

Алматы қаласында ауа бассейнін ластаушы негізгі көздердің бірі-автокөліктерден шығарылатын улы газдар. Қазақстан бойынша 5 млн. 755 мың жеңіл автокөлік, ал Алматы қаласында 570 мың автокөлік тіркелген. Сырттан Алматыға күніне 170 мың автокөлік келіп кетеді. Соның ішінде орташа есеппен 10500 көлік қала ішінде тәулік бойы қозғалыста болады. Олардың әрқайсысы қозғалыста болып, әрі кептелісте 30 мин. тұрып қалса, аталған көліктердің двигателі 5250 сағат бойы жұмыс істеп тұрады. Осы кезеңде 13125 литр жанармай жағылып, оған 39375 литр оттегі (O₂) жұмсалынады (жағылады), ал бұл оттегімен 882-885 адам жыл бойы тыныс алар еді. Алматы қаласында ағаштар көп өсіріледі, қала жасыл желекке бөленген. Дегенмен қалада қандай ағашты өсімдіктерді көбірек өсіру керек?

Жетілген бір емен өсімдігінің биіктігі 40-50 м болады, және ол 1000-1500 жыл өмір сүреді. Бір еменнің фотосинтезі процесінде жаз бойы шығарылған оттегі мөлшері 40-45 адамның жыл бойы, ал өсіп тұрған 1000 түп еменнің шығарған оттегімен 45000 адамның жаз бойы тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар бір емен ағашы жыл бойы 30-40 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады және көктемнен күзге дейін микробтардың өсіп дамуын тежейді, немесе жояды екен.

Арша биіктігі 10-25 м болатын, 300-800 жыл өмір сүретін ағашты өсімдік. Жетілген бір аршаның шығарған оттегі мөлшері 20-25 адамның бір жыл тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар арша бір жыл ішінде 15-20 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады. Сондықтан, емен және арша ағаштары қалалардың, әсіресе Алматы қаласының көшелерінде, парктерінде, скверлерінде көптеп егіліп өсірілгені жөн. Арша мен еменді үйде балконда, офистерде, университеттер мен мектептердің аудиторияларында 1-1,5 м биіктікке жеткенше өсіруге болады, ал бұл ағаштар бөлмелердің ауасын тазартады, микробтардың өсіп дамуын тежейді немесе жояды. Біздің зерттеу нәтижелеріне қарағанда, студенттер, оқушылар көп болатын аудиториялар-да, клиенттер көп болатын офистерде микробтар споралары және вирустар көбірек болады екен. Арша, емен ағаштарымен қатар акация, үйеңкі, бозарша (туя), терек т.б. ағаштарын өсіру керек.

Сосын аталған ағашты өсімдіктерді далаға (топыраққа) отырғызуға болады (1,2 суреттер).

Алматы қаласына жаз айларында ыстық ауа (40-47⁰C) батыстан, табаны ашылған Үлкен Аралдан, оның маңайындағы құмдардан, және Жезқазған жақтан келеді. Сондықтан Алматы қаласымен Алтын Орда базары арасында 100 қатар, немесе оданда көп қатар емен, арша, бозарша (туя), акация, үйеңкі, терек ағаштары өсірілсе. Үйеңкі, қарағаш және терек ағаштарының арасы 5 метрден, осы ағаштар арасына арша, емен, бозарша, акация отырғызылса (олардың арасы 1,5 метрден). Мұндай қатарлап өсірілген ағаштар тізбегі тау етегінен басталып, 1-Алматының солтүстігіне қарай дуга болып жалғастырылса. Осылай өсірілген ағаштар тізбегі Алматыға Арал теңізі жақтан келетін аптап ыстық ауаға барьер, кедергі

болар еді. Үйеңкі, қарағаш және терек ағаштары тез өседі, сондықтан олар әдепкіде баяу өсетін емен, арша, бозарша (туя), акация ағаштарына көлеңке болып, олардың дұрыс өсуіне қолайлы микроклимат қалыптастырады.



1 сурет. Үйдегі балконда (3 этаж) өсірілген арша (горшоктарда), үйеңкі (үлкен баклажкада), арша (бірінші қатардағы стаканчиктерде), емен (екінші қатардағы стаканчиктерде).



2 сурет. Үйдегі балконда өсірілген арша өсімдігі

Осындай әдіспен аталған ағаштарды Алтын Орда базары мен Қаскелең кенті арасында және Қаскелең мен Ұзынағаш қалашықтары арасында да отырғызып өсірген жөн. Осылай өсірілген ағаштар тізбегі Алматыға Арал теңізі жақтан келетін аптап ыстық ауаға (42-47⁰ градус) барьер, кедергі болар еді.

Сонымен қатар, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда қалаларында да ағаштарды осылай, жоғарыда көрсетілген тәсілмен өсірген жөн және осы қалалар

әкімшіліктерімен келісімге келу керек.

Емен және арша өсімдіктерін тұқымынан өсіру әдістемелері [2,3]: **Емен тұқымдарын жинау, егуге дайындау, егу.** Емен негізінен тұқымы арқылы көбейеді. Сәуір-мамыр айларында гүлдеп, қыркүйек-қазан айларында жеміс береді. Тұқымы жаңғақ, оны қыркүйек айында, жауын-шашын аз болып, ауа, топырақ құрғақ болған кезде жинаған дұрыс. Емен жаңғағын жинағанда оның қабығының шытынамағаны дұрыс. Шытынаған жағдайда ол жерлерге микробтар түсіп, ылғал болған жағдайда тұқымдарды шірітеді. Жиналған жаңғақ тұқымы 10-15 күн “жатып сақталуы” керек, сосын егуге болады (3 сурет).



3 сурет. Емен өсімдігінің тұқымы – жаңғақ.

Тұқымдарды егу. Бұл үшін бір рет пайдаланатын (одноразовый) стакандар алынып, біреуінің түбін шприцтік инемен немесе бізбен теседі (3-5 рет), ал екіншісі тесілмейді. Тесілген стаканды тесілмеген стакан ішіне кигізеді, сосын көң араластырылған топырақпен, дұрысы гүлдер өсіруге арналған қара топырақты жергілікті топырақпен араластырып (ара қатнасы 1:1) толтырады, шамалы нығыздайды (гүл өсіруге арналған топырақтың сипаттамасы төменде келтірілген, қараңыз). Әрбір стаканға емен жаңғағы 3-ден себіледі. Беті топырақпен жабылады, бірақ тұқым тереңге түспеуі керек, беті жабылса болды, тереңдігі 0,8-1см, сосын жаймен су құйылады. Топырақ тұрақты түрде ылғалды болуы керек, сонымен бірге тұқымның өнуі үшін оттегіде қажет. Ол үшін 1 күн өтіп, 2-ші күні әрбір стакандар суарылады, бірақ су көп құйылмауы керек. Нәтижесінде стакандағы топырақ ылғалды болады, әрі арасына ауа кіріп, бөрткен тұқымдар оттегімен қамтамасыз етіледі. Егілген емен тұқымы 40-65 күнде таяқша болып шығады. Бір мезгілде егілген жағдайдың өзінде әрбір стакандағы емен жаңғағы әртүрлі уақытта (45-80 күн аралығында) шығады және өсу жылдамдығы әртүрлі болады (4,5 суреттер).

Стакандарды толтыратын топырақ гүлді және басқа өсімдіктерді өсіруге пайдаланылатын әмбебап (универсальды) қоректік грунт, оның құрамы: төменгі және жоғарғы торфқа құм, керамзитті дренаж, доломитті ұн араластырылған, микроэлементтері бар комплексті минералды тыңайтқыштар қосылған. Топырақтағы өсімдіктерге сіңімді қоректік элементтер мөлшері (мг/кг): N- 350 мг/кг, P₂O₅- 300 мг/кг, K₂O- 450 мг/кг. Осы топырақты жергілікті топырақтармен салмағы немесе көлемі бойынша 1 : 1. есебімен араластырып, стакандарды, горшоктарды, баклашкаларды толтырып, емен, арша, үйеңкі, бозарша (туя), акация ағаштары тұқымдарын егіп өсіруге

болады.

Стакандардағы

емен өскіндерін күтіп-баптау. Күтіп-баптау шаралары – негізінен суару. Екі күн өтіп, 3-ші күні стакандағы өскіндер аздап суарылады. Егер стакандарға су көбірек құйылса емен тамырларына ауа жетіспегендіктен әлсіреп ауруға шалдығады, сосын өледі. Әрбір стаканға егілген, еменнің 3 жаңғақ тұқымының барлығы түгел шыға бермейді. Өйткені тұқымдардың табиғи жағдайдағы физиологиялық қасиеті, шығымдылығы әртүрлі. Сондықтан тұқым себілген стакандардың кейбіреулерінде бір өскіннен, көпшілігінде екеуден, аз бөлігінде 3-ден шыққан. Өскіндер шыққан стакандар терезеге жақын, күн сәулесі түсетін жерде столға орналастырып, қыс бойы күтіліп бапталады (4,5 суреттер). Осы әдістеме арқылы өте көп мөлшерде емен өскіндерін өсіріп дайындауға болады (4,5 суреттер) және бұл өте арзанға түседі.



4 сурет. Емен тұқымы әрбір стаканға үшеуден себілген жағдайда өніп шыққан өскіндер

Аршаның тұқымдарын жинау және егу. Аршаның жеміс бүрі жидек пішіндес немесе шар тәріздес, 4-6 жапырақша бірігіп өскен, әрбір жапырақша түбінде бір дән бар. Ішіндегі дәні (тұқымы) қыркүйек айында піседі. Жеміс бүрі әдепкіде көкшілдеу болады (5 сурет, 1). Тұқым піскен кезде жапырақшалар қоңыр түсті болады да, жапырақшалар ашылып (5 сурет, 2), дәндер (4-5 тұқым) жерге түсіп шашылады. Сосын оны жинап алу өте қиын, өйткені дәндердің түсі топырақ тәріздес әрі майда (5 сурет, 3). Сондықтан жеміс бүрі жапырақшалары ашылмай тұрғанда, шамалы қоңырқай түсті болғанда, қыркүйек, қазан айларында жинайды. Жиналған тұқым жетіліп піскенше 10 күн “жатып сақталуы” керек, сосын егуге болады.

Тұқымдарын егу. Бұл үшін бір рет пайдаланатын (одноразовый) стакандар алынып, біреуінің түбін шприцтік инемен немесе бізбен теседі (3-5 рет), ал екіншісі тесілмейді. Тесілген стаканды тесілмеген стакан ішіне кигізеді, сосын көң араластырылған топырақпен, дұрысы гүлдер өсіруге арналған қара топырақты жергілікті топырақпен араластырып (ара қатнасы 1:1) толтырады, шамалы нығыздайды. (Гүлдер өсіруге арналған қара топырақ магазиндерде (базарларда) сатылады, және ол арзан). Әрбір стаканға арша тұқымы бесеуден себіледі; Беті топырақпен жабылады, бірақ тұқым



5 сурет. Емен тұқымынан осылай өте көп мөлшерде өскіндер өсіруге болады.




5 сурет. Арша өсімдігінің жеміс бүрі (1), ашылған жеміс бүрі жапырақшалары (2) және тұқымы (3).

тереңге түспеуі керек, беті жабылса болды, тереңдігі 0,8-1 см, сосын жаймен су құйылады. Топырақ тұрақты түрде ылғалды болуы керек, сонымен бірге тұқымның өнуі үшін оттегіде қажет. Ол үшін 2 күн өтіп, 3-ші күні әрбір стакандар суарылады, бірақ су көп құйылмауы керек. Нәтижесінде стакандағы топырақ ылғалды болады, әрі арасына ауа кіріп, бөрткен тұқымдар оттегімен қамтамасыз етіледі. Егілген арша тұқымы 40-45 күннен кейін екі ұрық жапырақты болып шығады (6,7 суреттер).



6 сурет. Арша тұқымы әрбір стаканға бесеуден себілген жағдайда өніп шыққан өскіндер.



7 сурет. Арша тұқымын өте көп мөлшерде өскіндерді осылай көптеп өсіруге болады.

Өскіндерді күтіп-баптау. Әрбір стаканға егілген аршаның 3-5 тұқымының барлығы түгел шыға бермейді. Өйткені тұқымдардың табиғи жағдайдағы физиологиялық қасиеті, шығымдылығы әртүрлі. Сондықтан тұқым себілген стакандардың кейбіреулерінде бір өскіннен, көпшілігінде екеуден, аз бөлігінде 3-5-ден шыққан (6,7 сурет). Өскіндер шыққан стакандар терезеге жақын, күн сәулесі түсетін жерде столға орналастырып, қыс бойы күтіліп бапталады.

Күтіп-баптау шаралары – негізінен суару. Үш күн өтіп, 4-ші күні стакандағы өскіндер аздап суарылады (7 сурет). Егер стакандарға су көбірек құйылса арша тамырларына ауа жетіспегендіктен әлсіреп ауруға шалдығады, сосын өледі.

Пайдаланған әдебиеттер

- [1]. Жайлыбай К.Н., Нұрмаш К.Н. Биологиялық экология (Оқулық). Алматы: Қыздар университеті. 2016.- 516 бет.
- [2]. Жайлыбай К.Н. Емен, арша, акация, үйеңкі, бозарша, сирень өсірудің ең арзан әдістемесі және жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу. Алматы: Эверо. 2016.- 56 б.
- [3]. Жайлыбай К.Н. Біздің мақсатымыз Елбасының “жасыл белдеу” идеясын жастар арқылы жүзеге асыру // “Айқын” газеті. 15.03.2014, № 46.

REFERENCES

- [1]. Zhailybay K.N., Nurmash N.K. Biologyalych ekologiya (Okhulykh). Almaty: Khyzdar universytety. 2016.- 516 p.
- [2]. Zhailybay K.N. Emen, arsha, akachya, uyenky, bozarsha, siren uesirudyn en arzan adistemesy zhane zhastardy ekologyalych patrionyzmge tarbyelevu. Almany: Evero. 2016.- 56 p.
- [3]. Zhalybay K.N. Bizdyn makhsatymys Elbasynyn “zhasyl beldeu” ideasyn zhastar arkhyly zhuzege asyru // “Aikhyn” gazety. 15.03.2014, № 46.



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҚТАРАЛ АУДАНЫНЫҢ ЕГІСТІК ЖЕРЛЕРІН ОҢТАЙЛЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мамирова К.Н., Шакенова Т.К., Лайсханов Ш.У,
Кобегенова Х.Н., Әлімова Н.С., Қиясова Л.Ш., Тәліпбай М.Т.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қаласы
Қазақстан.
mamirova_kulash@mail.ru*

Аңдатпа. Мақтарал ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлы аудандарының бірі. Ауылшаруашылық жерлерінің басым бөлігін егістік жерлер құрайтын ауданда егін шаруашылығын тұрақты түрде дамыту өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі заманда алты түрлі табиғат ресурстары бар. Олар: минералды, су, өсімдіктер, жер қыртысы, жан-жануарлар және ауа. Олардың ішіндегі жер ресурсы (топырақ) маңызды компонент болып, құндылығы құрамындағы қарашіріктің мөлшеріне байланысты болып келеді. Сондықтан, оны қауіпсіз әдістердің негізінде пайдалану қашан да өте маңызды мәселелердің бірі болған. Ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін арттыру арқылы қоғам қажеттілігін өтеуде өндірісті экологиялау принципін ұстанған жөн. Өндірісті экологиялау – табиғат қорына нұқсан келтірмейтін технология арқылы өндірісті ұйымдастыру, экологиялық еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Біздің тұжырымдауымыз бойынша, осы принципке негізделі отырып, жер ресурстарын оңтайлы пайдалану үшін егін шаруашылығында мынадай шараларды жүргізу шарт: мелиорациялық өңдеу, ауыспалы егістікті пайдалану, суды тиімді пайдалану. Ауылшаруашылығын жүргізу барысында басқа да ресурстармен қатар, жер ресурстарын тиімді пайдаланып, қалпына келтіру және құнарлылығын арттыру бағытында жұмыс жүргізіліп отыруы қажет. Өйткені, сол арқылы ғана азық-түлік өндірісін тұрақты түрде арттыра аламыз деп есептейміз.

Түйін сөздер: егістік жерлер, оңтайлы пайдалану, табиғат ресурстары, экологиялау, мелиорациялық өңдеу, ауыспалы егістікті пайдалану, суды тиімді пайдалану.

Ключевые слова: пахотные земли, рациональное использование, природные ресурсы, экологияция, мелиорация, севооборот, рациональное использование воды.

PROBLEMS OF RATIONAL USE OF ARABLE LAND MAKTARAL DISTRICT OF THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION

*Mamirova K.N, Shakenova T.K., Layskhanov Sh.U.,
Kobegenova H.N, Alimova N.S, Kiyassova L.Sh., Talipbay M.T
Kazakh State Women's Teacher Training University
Almaty
mamirova_kulash@mail.ru*


Maktaral district is one of the agrarian districts of the South Kazakhstan region. One of the topical issues of sustainable development of agriculture in the area, where most of the agricultural land is arable land. There are six different natural resources available today. They are: mineral, water, plants, crust, animal and air. Land resources (soil) are important components, and their value depends on the size of the humus. Therefore, its use on the basis of safe methods has always been one of the most important issues. It is necessary to adhere to

the principle of the production of ecologization in meeting the needs of the society by increasing the production potential of agriculture. Ecologization of production is the organization of production through environmental technology that does not cause environmental damage, increasing environmental productivity. In our opinion, based on this principle, the following measures should be taken in the field of agriculture for the optimal use of land resources: reclamation, replacement of crop rotation, rational use of water. In the course of agriculture, along with other resources, work should be done to rationalize, restore and improve fertility. That is why we believe that we can only increase food production on a regular basis.

Key words: arable land, rational use, natural resources, ecologization, melioration, crop rotation, rational use of water.

Мақтарал ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлы аудандарының бірі. Ауылшаруашылық жерлерінің басым бөлігін егістік жерлер құрайтын ауданда егін шаруашылығын тұрақты түрде дамыту өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, Мақтарал ауданы мақта шикізатымен және азық-түлікпен елімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, шет елдерге экспорттайтын әлеуетке ие. Елбасымыз Н. Назарбаевтың 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек» деген міндетті алға қоя отырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға арттыру керектігін көрсеткен болатын [1]. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін, ең алдымен, ауылшаруашылық жерлердің қазіргі жағдайына аса мән беріп, оларды оңтайлы пайдаланудың маңызы зор болып отыр.

Мақтарал ауданы еліміздің ең оңтүстігінде орналасқан аудан. Климаты жағынан аридті климат үстемдік ететін бетпақдала аймағына жатыр. Жазының өте ыстықтығымен және ылғалдың өте аз мөлшерде түсуімен ерекшеленеді. Бұл мезгілде температураның жоғарылығы мен ауаның құрғақтығы топырақтың беткі қабатын кептіріп жібереді. Жер бедері жазықты болып, ашық-сұрғыл және шалғындық-сұрғылт топырақтар кең тараған. Олар механикалық құрамы бойынша орташа саздақ топырақтарға жатады. Өсімдік жамылғысы жусанды-эфемерлі, соранды-жусанды қауымдастықтардан тұрады. Ал, мәдени өсімдіктерден дәнді және бұршақты дақылдар (бидай, арпа, жүгері (маис), күріш), картоп, күнбағыс, мал азықтық дақылдар (азықтық жүгері, біржылдық шөптер, көпжылдық шөптер) мақта, көкөністер, бақша дақылдары, жүзімдік және дәнекті жемістер өсіріледі (сурет 1).



Сурет 1. Мақтаарал ауданының егістік алқабында өсірілетін дақылдардың пайыздық үлесі [2].

Статистикалық мәліметтер бойынша, 2015 жылы ауданның егістік алқабы 138112 га жерді құраған. 1-ші суреттен көрсетілгендей, дақылдардың ішінде мақтаның үлесі басым болып, жалпы егістіктің 56%-ын алып жатты. Ал, бүкіл егістік алқабының 20%-ын бақша дақылдары, 11%-ын дәнді және бұршақты дақылдар, 9%-ын мал азықтық дақылдар, 3%-ын көкөніс, 1%-ын картоп егістіктері алып жатса, қалған дақылдардың жеке үлестері 1%-ға да жетпеген. Кез-келген дақылдың егістік көлемі өнімнің нарықтағы бағасына, өнімді өсірудегі шығын көлеміне және мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия мөлшеріне тығыз байланысты құбылып отыр. Мысалы, мақта, көкөніс сияқты дақылдардың егістік көлемі соңғы жылдары айтарлықтай азайса, керісінше, жүгері мен күріштің есебінен дәнді дақылдардың көлемі ұлғайған. Бақша дақылдарына берілетін субсидияның жоғары болуының ықпалынан соңғы 10 жылдықта олардың егістік көлемінің ұлғаюына себеп болды деп есептейміз.

Аудандағы егістік жерлердің құнарлылығын сақтау және өнім көлемін тұрақты түрде жоғарылату үшін ресурстарды оңтайлы пайдаланған жөн. Табиғат ресурстарын оңтайлы пайдалану деп – тек қана табиғатты пайдаланудан ең жоғары ақшалай табыс алу емес, ресурстарды аз шығындай отырып, ең жақсы әлеуметтік-экономикалық нәтижеге жетуді айтамыз.

Адамның табиғатты пайдалануы тарихи қалыптасқан жүйе, алайда, соңғы ғасырда табиғат ресурстарын пайдалану күрт өсті. Оның басты себебі адамзаттың өсуі болып отыр. Егер б.з.д. 7000-4500 жылдары аралығында халықтың саны екі еселенді, яғни, бұл 2500 жылда жүзеге асты. Ал қазіргі кезде, бұл 40 жылда екі еселеніп отыр. Осы көрсеткіштерге байланысты XXII ғасырда 12-13 млрд-қа жетеді деген болжам бар [3]. Сондықтан, нарықтық реформаларды тереңдету, ұлттық және аймақтық деңгейде тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен, сондай-ақ, табиғат ресурстарын сарқылмастай тиімді пайдалану үшін ғылыми негізде расталған әдістерді пайдалану кезек күттірмейтін мәселе.

Қазіргі заманда 6 түрлі табиғат ресурстары бар. Олар: минералды, су, өсімдіктер, жер қыртысы, жан-жануарлар және ауа [4]. Олардың ішіндегі жер ресурсы (топырақ)


маңызды компонент болып, құндылығы құрамындағы қарашіріктің мөлшеріне байланысты болып келеді [5]. Сондықтан, оны қауіпсіз әдістердің негізінде пайдалану қашан да өте маңызды мәселелердің бірі болған. Ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін арттыру арқылы қоғам қажеттілігін өтеуде өндірісті эколизациялау принципін ұстанған жөн. Өндірісті эколизациялау – табиғат қорына нұқсан келтірмейтін технология арқылы өндірісті ұйымдастыру, экологиялық еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Біздің тұжырымдауымыз бойынша, осы принципке негізделі отырып, жер ресурстарын оңтайлы пайдалану үшін егін шаруашылығында мынадай шараларды жүргізу шарт:

1. *Мелиорациялық өңдеу.* Ертеректе ғалымдар мелиорацияны XX ғасырдың резерві деп болжаған. Топырақ құнарлылығын көтеріп, жоғары және мол өнім алу үшін агротехникалық шараларды ұтымды қолдану және дренажық жүйелерді қалпына келтіру сияқты жұмыстарды жүргізу қажет. Көпжылдық зерттеулерге қарағанда, мақта егу үшін қолайлы температуралық уақыт сәуір айының екінші жартысы. Алайда, бұл мезгілде топырақтың ылғалдылығы, жер асты суының көтерілуі салдарынан тұқым кеш себіліп, өнімділіктің төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан, топырақтың ылғалдылығын реттейтін тік дренаждарды пайдаланудың маңызы зор. Дренаж жер асты су деңгейін 3-5 метрге дейін төмендетеді. Мәліметтерге сүйенсек, Мақтарал ауданында 1990-1992 жылға дейін 884 тік дренаж скважиналары жұмыс істеп, минералданған топарақтағы суларды 2-3 метрге дейін төмендеткен. Нәтижесінде орташа және қатты сорланған топырақтар жойылып, тектарына өнім 6-8 центнерге дейін артып отырған [6].

2. *Ауыспалы егістікті пайдалану.* Сармалы егіншілік ауданындағы дақылдардың өнімін арттырудың ұтымды жолдарының бірі – ауыспалы егістікті пайдалану.

Ауыл шаруашылығы саласында зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар О.Т.Төрешов, Ж.І.Қожабаев [7] зерттеген «Суармалы жерлерде жасыл тыңайтқыш ретінде аралық дақылдарды өсіру» тұжырымының маңызы зор. Топырақ құнарлылығын түзуде бұршақты, дәнді бұршақты, әсіресе жоңышқаның орны ерекше. Өйткені, ауыспалы егістікті пайдалану – топырақ қабатында оң өзгерістердің болуына алып келеді (сурет 2).

Көпжылдық тәжірибе деректері көрсеткендей үш жылдық жоңышқа топырақтың 0-30 см қабатында құрамында 280 кг-дейін азотты, 75 кг-ға дейін фосфорды және 80 кг-ға дейін 17т/га тамыр қалдығын түзеді. Сонымен қатар, топырақтың құрамындағы қарашіріктің ұлғаюы мен өнімділіктің артуына септігін тигізеді.



Сурет 2. Ауыспалы егістікті пайдалану нәтижесінде орын алатын өзгерістер

3. *Суды тиімді пайдалану.* Қазіргі кезде, Мақтарал ауданының барлық егістіктері сумен толық қамтамасыз етілмей отыр. Осы тұрғыдан алғанда, су мәселесін шешудің жалғыз жолы – су ресурстарын ысырапсыз тиімді пайдалану қажеттілігі туады. Ол үшін су шаруашылық жүйесін тиімді ұйымдастыру қажет. Бұл тамшылатып суару технологиясы арқылы жүзеге асады деп есептейміз.

Тамшылатып суару техникасын Ресей, Қытай, Израил, Түркия т.б елдерде шығарады. Техниканы әрбір ел табиғат жағдайына бейімдеп жасайды. Сондықтан, ауыл шаруашылығында осы техниканы Қытай фирмаларынан сатып алған тиімді. Өйткені, ол елдің табиғат жағдайы біздікіне ұқсас, әрі да арзан. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, біздің республикада гектарға 13-15 мың текше метр су жұмсасақ, өркениетті елдер 5 мың текше метр ғана су пайдаланады екен [8]. Қазіргі кезде осы технологияны пайдалану арқылы Израил, Қытай елдерінің ауыл шаруашылығы жоғары өнімділікке қол жеткізіп отыр.

Біз дейінгі тамшылатып суару технологиясын нәтижелері баяндалған ғылыми жұмыстарды зерттеу барысында осы технологияның мынандай артықшылықтардың бар екеніне көз жеткіздік:

- агротехникалық шараларды тиімді жүргізуге қолайлы;
- топырақтағы ылғал шығынды 50%-ға, тыңайтқышты 2 есе, агротехника жұмыстары мен жанар жағармайды 1,5-2 есеге азайтып, өнімділікті 30%-ға арттырады. Осының есебінен өнімнің өзіндік құны арзандайды;
- тұздану мен батпақтану процесін тежеуге көмектеседі;
- экологиялық жағдайды жақсартады;
- агроинновациялық тәсілдерді қолдану [9].

Ауылшаруашылығын жүргізу барысында басқа да ресурстармен қатар, жер

ресурстарын тиімді пайдаланып, қалпына келтіру және құнарлылығын арттыру бағытында жұмыс жүргізіліп отыруы қажет. Өйткені, сол арқылы ғана азық-түлік өндірісін тұрақты түрде арттыра аламыз деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 2017 жылғы 31 қаңдар. Электрондық ресурс: www.akorda.kz
2. Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы / статистикалық жинақ. – Шымкент, 2016. – 134 б.
3. Лебединский Ю.П., Склянкин Ю.В., Попов П.И. Ресурсосбережение и экология. - Киев: Полит-издат, 1990. –С. 223.
4. Тілегенов Н.Д. Табиғи ресурстарды пайдаланудың қоршаған ортаға әсері // М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясының хабаршысы. – 2008. - №2. - Б. 47.
5. Қанаева З. Қ. Табиғатты пайдалану экономикасы. – Алматы, 2006. - Б. 39.
6. Үмбетаев И.И. Мақтаның отандық жаңа мақтаарал сорттары. – Алматы: Комплекс, 2004. – 52 б.
7. Төрешов О.Т., Қожабаев Ж.І. Суармалы жерлерде жасыл тыңайтқыш ретінде аралық дақылдарды өсіру // Жаршы. – 2009. - №9. – Б. 14-16.
8. Ниязбекова Р.К., Абдуллаева М. Т. Траншекаралық суды басқару // Оңтүстік Қазақстан хабаршысы. - 2010. - №1. - Б. 105-113.
9. Е. М. Шекербеков, Г. Ж. Сыпабекова, Н. Б. Бадыраков, А. А. Налтаев Оңтүстік Қазақстан жеріндегі суармалы сулардың тапшылығы // Наука и вызовы времени Матер. межд. науч. прак. конф. 2 т. / под. ред. Е.З. Сулейменова – Алматы, 2008. - Т. 2. - Б. 102-106.



ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИССЛЕДОВАНИЮ ПРОБЛЕМ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

*Мамирова К.Н., Шакенова Т.К., Лайысханов Ш.У,
Кобегенова Х.Н., Әлімова Н.С., Қиясова Л.Ш., Тәліпбай М.Т.*
*Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы*
mamirova_kulash@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются методологические подходы к изучению сельского хозяйства аграрной географии – одного из направлений социально-экономической географии. Это важное направление географии изучает закономерности, особенности и формы территориальной организации сельского хозяйства, с учётом природных, производственных и экономических факторов, определяющих специфику размещения и основного направления данной отрасли. Исследование территориальных проблем развития отрасли с точки зрения географов требует применения системного подхода к исследованию взаимоотношений сельского хозяйства и природной среды. При таком подходе сельское хозяйство или отдельное сельскохозяйственное предприятие рассматривается как территориальная природно-хозяйственная система, состоящая из двух подсистем: природной и социально-экономической. Такой подход позволяет сопряжено решать социально-экономические и экологические проблемы сельской местности в целях наиболее полного использования природного потенциала и социально-экономических предпосылок развития сельскохозяйственных систем. Исследования географов опираются на труды многих специалистов (аграрников, землеустроителей, почвоведов, климатологов, экологов и др.) и основываются на применении экономических, математико-статистических, картографических и других методов. Наряду с традиционными методами для обработки данных в настоящее время широко применяются геоинформационные технологии. Информационной базой для географов служат статистические и картографические данные, проводящиеся на крупномасштабном, среднемасштабном и мелкомасштабном уровнях.

Ключевые слова: география сельского хозяйства, сельская местность, территориальная организация сельского хозяйства, использование земель, картографирование земель, типология, производственные типы, сельскохозяйственные районы, агропромышленный комплекс.

GEOGRAPHICAL APPROACHES TO THE RESEARCH OF PROBLEMS OF AGRICULTURE

*Mamirova K.N, Shakenova ,TK, Layskhanov Sh.U.,
Kobegenova H.N, Alimova N.S, Kiyasova L.Sh., Talipbay M.T*
Kazakh State Pedagogical University,

Abstract. The article examines methodological approaches to the study of agriculture in agrarian geography - one of the directions of socio-economic geography. This important direction of geography studies the patterns, features and forms of territorial organization of agriculture, taking into account natural, production and economic factors that determine the specifics of location and the main direction of this industry. The study of territorial problems of the development of the industry from the point of view of geographers requires the application of a systematic approach to the study of the relationships between agriculture and the natural environment. With this approach, agriculture or a separate agricultural enterprise is

viewed as a territorial natural-economic system consisting of two subsystems: natural and socio-economic. This approach allows to solve socio-economic and environmental problems of rural areas in order to make full use of natural potential and socio-economic prerequisites for the development of agricultural systems. The studies of geographers are based on the works of many specialists (agrarians, land surveyors, soil scientists, climatologists, ecologists, etc.) and are based on the application of economic, mathematical-statistical, cartographic and other methods. Along with traditional methods for data processing, geoinformation technologies are now widely used. The information base for geographers is statistical and cartographic data, carried out on a large-scale, medium-scale and small-scale level.

Key words: geography of agriculture, rural areal, territorial organization of agriculture, land use, land mapping, typology, production types, agricultural areas, agro-industrial complex.

